

## ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ

С.Ы.ӨМІРЗАҚОВ

Есімі ел аузында ертегіге айналатын, ұстаздық ұлағаты, өмірлік өнегесі өсер өркеннің мерейін өсіретін, мақтанышына айналатын жайсаң жандар мен тамаша таланттардың дана табиғат сирек жарататын дарқан дарынды тұлғаларының бірі - Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы.

Мен Кенжеғали Әбенұлымен 1977 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының студенті болып жүргенде таныстым. Сондай - ақ, 2002 және 2007 жылдар аралығында Кенжеғали Әбенұлының басшылығымен Халықаралық бизнес университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры болып қызмет атқардым. Оқу істері – толас таппайтын қайнаған еңбек саласы. Сол кісінің басшылығымен және тікелей қатысуымен университеттің білім беру қызметін жыл сайын халықаралық талаптарға сай жаңартып отырдым.

Кенжеғали Әбенұлымен қоян-қолтық қызмет жасаудың нәтижесінде ректордың басқару және ұйымдастыру саласындағы табиғат сыйлаған дарыны мен шеберлілігіне, табандылығы мен тегеурінділігіне таңырқай да, тамашалай да қарадым. Осы тұста « сөз өнерінің інжу-маржаны, қазақ әдебиетінің шыңы, Шекспир мен Гете, Достоевский мен Толстой, Горький мен Шолохов шығармалары секілді бүкіл әлемдік классикаға айтулы үлес қосқан ұлағатты ұстаз Абай ағамыздың «Болмасаң да ұқсап бақ...» деген нақыл сөзін алға тартып, бізді дұрыс жолға қоя білген Кенжеғали Әбенұлының ақылын жадымда ұстадым.

Кенжеғали Әбенұлы өзімен замандас, үзегілес толқынның ішінде өзіндік тұғыры бар белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, ізденгіш ғалым, жоғарғы мектеп пен ғылым саласының білікті ұйымдастырушысы.

Ол басқару қызметтерінің барлық сатыларында өзін қаумалаған әлеуметтік ортаның психологиялық хал-ахуалымен үнемі бірге тыныстап, әр түрлі жастағы адамдардың ыстық ықыласына ие болып келе жатқан ардақты жан.

Кенжеғали Әбенұлы 1992-1994 жылдары қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырығы Қазақ мемлекеттік экономикалық университетінің ректоры қызметін атқара отырып, экономикалық білімнің үлкен бір ордасы саналатын жоғарғы оқу орнының қазіргі заманғы оқу-әдістемелік, ғылыми талаптарға сай өркендеуіне, озық технологиялардың оқу үрдістеріне енгізілуіне белсене ат салысты. Аталмыш оқу орнында бірсыпыра жаңа мамандықтардың ашылуына, пәндік, типтік бағдарламалардың жаңа үлгілерінің жасалынып, бекітілуіне, бір сөзбен айтқанда университеттің еліміздегі елеулі оқу-әдістемелік бастамалардың ұйытқысы болуына, оның озық жетістік-тәжірибелерінің республикағатаралуына мұрындық болып, өзін білікті ұйымдастырушы ретінде көрсете білді.

Халықта « Алтын шыққан жерді белден қаз!» деген бұйрық райлы ғибрат бар. Халық айтса, қалп айта ма... Кенжеғали Әбенұлы да білекті сыбанып, өзінің ғылыми қызметінде, ізденушілік өмірінде, алтыннан да ардақты, экономикалық маңызы зор ғылыми мәселелерді бар күшін салып, бар уақытын арнап зерттеген ғалым.

Кенжеғали Әбенұлы – ғылымда өз кеңістігін, өз аспанын өз қолымен, өз еңбегімен, талант – тапымымен жасаған адам. Экономика ғылымдарының негізін қалап, дамытқан, оны біртұтас әлемге айналдырған ғалымның өмірі мен еңбегі құрметке де, құрметтеуге де лайықты.

Әсіресе нарықты экономиканы қалыптастыру және оны жетілдіру үшін жазылған ғылыми еңбектері. атап айтқанда: «Экономика Казахстана: очерки актуальных проблем» выступлений, статьи, интервью (2004), «Реформы: аналитический взгляд» в 4-х томах (2006), «Конкурентоспособность национальной экономики: механизм национальной модели (2006). Бұл кітаптарға енген еңбектер әр жылдар ойларының көрінісі болғандықтан, оларда белгілі бір мезгілдің, уақыттың тынысы айқын сезіліп тұрады. Ғылым мен білім үшін бұл аса маңызды және қажетгі сапалық қасиет болып табылады.

Ғылым жолындағы мамандар мен ізденушілер бұл еңбектерден ұлттық экономикамыздың даму бағыттары бойынша маңызы жоғары ғылыми мәліметтер таба алады. Бұл реттен келгенде ғалымның еңбектерінің ғылыми маңызы жоғары, әлеуметтік-экономикалық мәні терең.

Айта кететін жай, бүгінгі таңда ұстаз ғалымның тікелей өз жетекшілігімен 14-тен астам докторлық, 39 – дан астам кандидаттық диссертация қорғаған шәкірттері бар. Сондай шәкірттерінің бірі менмін. Бұл Кенжеғали Әбенұлының ғылым мен білім жолында қалыптастырған іргелі мектебі екенін мақтанышпен атап айтуға болады.

Ал, Кенжеғали Әбенұлы басқарған мамандандырылған ғылыми кеңестерде диссертацияларын қорғаған және Білім және Ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінен диплом алған, сөйтіп, ел игілігіне қызмет етіп жүрген ғалымдар санында есеп жоқ десе де болады.

Осы тұста Жан-Жак-Руссо айтқан «ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау. Бірақ оған өкінбеу керек. Жер бетінде адам тәрбиелеуден асқан

абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық – ұлы нәрсе, ұлағат бнігі» деген қанатты сөздері еске келеді.

Одан биік шың дүниеде жоқ, болған емес және болмаса да керек.

Кенжеғали Әбенұлының табиғатында, ісі мен әрекетінде ақылдың шалқуы да, қайраттың тасуы да, жүректін жылуы да бар екені бәрімізге мәлім. Сондықтан да ол шалқыған ақылдың, тасыған қайраттың, нұрлы жүрегінің ұштасқан ұлы бірлігі мен ұлы еңбегінің жарық - жылуы жоғарыда айтылған ұстаздық ұлағаты - Алатаудай алып таулардың шындарының биігінен таралып жатыр.

Кенжеғали Әбенұлы – бүгінгі асқарлы мерейтойына ғалымдық, ұстаздық, басшылық қызмет саласындағы жоғарғы мектеп жүйесі, ғылыми-зиялы қауым білетін, бағалайтын азаматқа ғана тән абыроймен лайықты келін отыр. Бүгінде мен үшін ұлағатты ұстаз, әр кез ізденісте болатын ғалым, қажырлы қайраткер, білікті ұйымдастырушы, ардақты жан, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, ғылыми жетекшім - Кенжеғали Әбенұлын мақтан тұтамын. Алдағы уақытта да күннің нұрына малынып, еңбек шабытына бөленіп, немере-шөбере қызығын көріп, өмір өзенінің айдынында қалықтай беруіне шын жүректен тілектеспін!

Үлкен мерейтойыңызда арманыңыздың ақ желкені сізді алыс жағалауларға жетелей де, жеткізе де берсін демекпін.

Аса үлкен құрметпен шәкірттеріңіздің бірі экономика ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақов Самажан Ынтықбайұлы.